

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

правильной квалификации уголовного правонарушения и назначения соответствующего наказания.

Подводя итог проведенным исследованиям относительно характеристики субъекта медицинских уголовных правонарушений приходим к выводу о том, что субъект данных правонарушений имеет следующие основные признаки:

- 1) Возраст: физическое лицо, достигшее 16 лет.
- 2) Вменяемое лицо.
- 3) Специальный субъект, должностное лицо.

#### **Список использованных источников:**

1. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V ЗРК.
2. Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан (сравнительный комментарий к книге Дж. Флетчера и А.В. Наумова «Основные концепции современного уголовного права»). – Алматы: Жеты Жаргы. 2001. – 256 с.
3. Квициния А.К. Взятничество и борьба с ним. — Сухуми, 1980. – С. 154.
4. Феркалюк Ю.И. Представитель власти как субъект должностных преступлений//Российский следователь. 2012. №12.
5. Асадов А.М. К вопросу об административно-властных отношениях в системе финансовых органов государственной власти//Вестник Уральского института экономики, управления и права. 2008. №5. С. 3-13.

УДК 343

## **АЗАПТАУЛАР: ЗАҢ НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ СОТ ҚАРАУЫНЫҢ СТАНДАРТТАРЫ**

**Аманбек Рауан Бахытжанқызы**

rbakytzhanovna@mail.ru

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*

*Заң факультетінің 3 курс студенті,*

*Астана қаласы, Қазақстан*

*Ғылыми жетекші – Д.Б. Калмаганбетова*

Азаптау – бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықты алаңдататын адам құқықтарының бұзылуының бірі. Азаптау жаза ретінде, ақпарат алу немесе тануды мәжбүрлеу мақсатында қолданылады, бірақ негізінен қорқыту үшін, тек жеке адамдарды ғана емес, бүкіл қоғамды әрекетсіздік жағдайында ұстау үшін қолданылады. Азаптаудың мақсаты – жәбірленушіге оның өліміне жол бермей, оны мүмкіндігінше ауыртпалық түсіру және адамды жеке тұлға ретінде бұзу, осылайша, азаптау репрессия құралы ретінде саяси, әлеуметтік немесе діни оппозициядағы адамдарға біржақты ескерту ретінде қызмет етеді.

Денсаулық - адамның басты байлығы, бірақ қазіргі кезде зорлықты қылмыстар, әсіресе азаптау кең етек алып барады, сондықтан да бұл мәселе мемлекетті толғандыруға тиіс. Азаптау ұғымы пайда болғанға дейін адамға күш көрсеткені және психикалық ықпал жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік азаптаудың нышаны бар басқа қылмыстар құрамында көзделеді. Азаптау ол біреуге қасақана ауыр физикалық немесе психологиялық ауырсынудан тұрады.

Азаптау адамға терең жарақат әкеледі. Азаптаудың физикалық әдістеріне мыналар жатады: ластанған суға батыру арқылы тұншығу, ұрып-соғу, Электр тогымен азаптау; ол дененің ең сезімтал жерлерінен, соның ішінде тістер мен жыныс мүшелерінен өтеді; тырнақтарды тарту; ыңғайсыз жағдайда ілу және отыру. Азаптаудың психикалық әдістеріне мыналар жатады: азаптау кезінде болу, азаптауға қатысуға мәжбүрлеу, оқшаулау. Жыныстық азаптауға мыналар жатады: қорлау, зорлау.

XX ғасырдың соңғы онжылдығы халықаралық қауымдастықтың азаптау институтын жоюға қабілетсіздігін анықтады. Косоводағы, Шығыс Тимордағы, Руандадағы қақтығыстар азаптауды жеке адамдарды да, жалпы қоғамды да басу, қорқыту және жою ретінде қолданумен қатар жүрді. Сонымен бірге, азаптау көптеген елдерде, бұқаралық ақпарат құралдарынан және жалпы жұртшылықтан жасырын түрде, толық жазасыздық жағдайында қолданыла берді. БҰҰ-ның азаптау мәселесі бойынша арнайы баяндамашысы жыл сайын 60-80 елден азаптау актілері туралы ақпарат алады, бұл БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттердің үштен бірінен астамын құрайды. Сонымен қатар, мамандар барлық босқындардың 20-30% - ы азаптауға ұшырады деп есептейді.

Азаптау – қандай да бір тұлғаның жасаған немесе жасады деп күдік туғызатын әрекеті үшін одан немесе үшінші тұлғадан куәлік немесе мойындауды алу үшін, оның тәнін немесе жанын қасақана қинайтын немесе азаптайтын кез келген әрекет. Сонымен қатар нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік, тілдік, жыныстық, жас ерекшеліктеріне немесе басқалай тиесілілікке байланысты, сонымен қатар адамның белгілі бағыттағы іс-әрекеті немесе белгілі мәселелер бойынша ұстанымына байланысты тәнін қинау немесе жанына батыру да азаптау болып табылады.

Азаптаулар – беймәлім (жасырын) сипаттағы қылмыс. Оның жасалуына азаптау құрбандарын тиімді қорғауға кедергі келтіретін себептер мен жағдайлар кешені (институционалдық сипаттағы мәселелермен қатар) ықпал етеді.

Азаптаумен күресудің бірнеше механизмдері бар. Олардың бірі Стамбул хаттамасында қарастырылған. Онда келесі механизмдер анықталған:

- 1) фактілерді анықтау, тану, жәбірленушілер мен олардың отбасылары алдындағы жеке және мемлекеттік жауапкершілік;
- 2) қайталануды болдырмау үшін қажетті шараларды айқындау;
- 3) қудалауға жәрдемдесу және/немесе тиісті кінәсі бар адамдарды тәртіптік жазалау әділ және барабар қаржылық өтемақыны, емдеу және оңалту үшін қаражат беруді қоса алғанда, тергеу барысында және мемлекет тарапынан келтірілген зиянды толық өтеу кезінде анықталады.

Тақырыптың өзектілігі - теориялық және сотталғандардың құқықтарын қорғаудың, сондай-ақ азаптауға қарсы күрес жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдірудің практикалық маңыздылығы. Адамның қадір-қасиетіне ешкімнің де қол сұғылмайтындығы жөнінде конституциялық тұрғыдан бекітілген. Ешкімді де азаптауға болмайды, зорлық-зомбылық, басқа қатыгез немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын емдеу немесе жазалау іс-әрекеттерін жасауға болмайтындығы жөнінде Заңнамада айтылған.

Қазіргі уақытта азаптау және қатыгездік фактілері – пенитенциарлық мекемелер проблемалық мәселелердің бірі болып табылады. Азаптау – ауыр қасақана жасалатын қылмыс. Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын емдеу мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияны БҰҰ Бас Ассамблеясы 1984 жылы 10 желтоқсанда қабылдады және 1987 жылы 26 маусымда күшіне енді. 2004 жылғы 24 қарашадағы жағдай бойынша БҰҰ — ға мүше 139 мемлекет, оның ішінде Беларусь Республикасы азаптауға қарсы конвенцияны ратификациялады.

Конвенцияда қатысушы мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес азаптауды қылмыс ретінде қарастыруы керек деп қана қоймай, азаптауды ақтау үшін «жоғары тұрған бастықтың немесе мемлекеттік биліктің бұйрығына» немесе «ерекше жағдайларға» кез келген сілтемелерге біржақты тыйым салады. Ешқандай ерекше жағдайлар, олар соғыс жағдайы, ішкі саяси тұрақсыздық немесе кез-келген төтенше жағдай болсын,

азаптауды ақтай алмайды. Конвенцияға сәйкес, бірде-бір қатысушы мемлекет, егер оған азаптауды қолдану қаупі төнуі мүмкін деп ойлауға елеулі негіздер болса, басқа мемлекетке қандай да бір адамды жібермеуі, қайтармауы немесе бермеуі тиіс.

Азаптаулар заң нормалары және сот қарауының стандарттары ретінде, «Қазақстан Республикасының Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы қосылған Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның 19-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді. Онда Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы қосымша баяндама бекітілген. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауларға қарсы комитетіне Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы қосымша баяндаманы қарастырылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды», – делінген. Бұл заң – елімізде жүргізіліп жатқан саяси және құқықтық реформалар аясында Қазақстанның азаптау мен қорлаудың басқа да түрлерін жоюға, осы мәселе бойынша халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге, сондай-ақ сотталғандардың құқығын кеңейтіп, түрмедегі теріс субмәдениеттің қалыптасуына жол бермеуге бағытталған жүйелі қадамдардың жалғасы.

Атап айтқанда, құжатта мынадай нормалар қарастырылған:

- қатыгез немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас үшін жауапкершілік қарастырылады;
- азаптау үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту шаралары қатаңдатылады;
- заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін тергеу амалдары кезінде аудио және бейне таспалау жүйесін қолдану мүмкіндіктері кеңейтіледі.

Сонымен қатар Заң сотталған адамдарға бірқатар қосымша құқық береді:

- Ауыр сырқатқа шалдыққан жағдайда оларға жазаны өтеу мерзімін кейінгі қалдыру құқығы беріледі, яғни сотталған адамға медициналық мекемеде шұғыл ем алуға мүмкіндік туады;
- Сотталған адамды ауыр дертке шалдығуына байланысты жазасын өтеуден босату туралы сот шешімі дереу орындалады (бұрын сотталғандар соттың шешімі заңдық күшіне енгеннен кейін ғана босатылатын);
- Сотталған әйелдер мен олардың балалары арасындағы әлеуметтік байланысты сақтау үшін оларға өз балаларын колонияда қалдыруға рұқсат ету мерзімі 3 жылдан 4 жылға ұзартылды;

Бұрын сотталған адамдардың бірінші рет істі болған азаматтарға теріс ықпал етуіне жол бермеу үшін сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесіндегі мекемелерге бөлу тәсілдері өзгереді. Енді бірінші рет сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын бұрын сотталғандардан бөлек жерде өтейді. Бұл заңға бағынушылық мінез-құлық қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жалпы заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер адам құқықтарын сақтауға берілетін кепілдіктерді арттырады. Сонымен қатар қауіпсіздік шараларын күшейту,

олардың түзелуіне және қоғамға бейімделуіне мүмкіндік жасау арқылы сотталған адамдардың түрмедегі жағдайын жақсартуды көздейді.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын емдеуге немесе жазаға қарсы конвенциясы» 1987 жылдың маусымында күшіне енді. Ең өзекті баптар 1, 2, 3 және 16 -баптың бірінші абзацы болып табылады. Қазіргі уақытта UNCAT шартына әлемдегі барлық елдердің жартысына жуығы қол қойды. Олар төменде қайта шығарылады:

1 -бап бойынша, «Адамға физикалық немесе психикалық болсын, қасақана ауыр ауру немесе азап шеккен кез келген әрекет, ол үшін немесе үшінші адамнан ақпарат алу немесе мойындау, оны өзі немесе үшінші адам жасаған әрекеті үшін жазалау оны немесе үшінші адамды қорқытып немесе мәжбүрледі деп күдіктенеді, немесе кез келген себеп бойынша кемсітушілікке негізделген кез келген себеппен, егер мұндай азап немесе азап көпшіліктің бастамасымен немесе келісімі бойынша туындаса лауазымды адам немесе қызметтік міндетін атқаратын басқа адам оған тек заңды санкциялардан туындайтын немесе оған байланысты болатын қайғы-қасірет кірмейді».

2 -бап бойынша «Әрбір Қатысушы мемлекет өз құзырындағы кез келген аумақта азаптау әрекеттерінің алдын алу үшін тиімді заңнамалық, әкімшілік, соттық немесе басқа шараларды қолданады. Ешқандай ерекше жағдайлар, соғыс жағдайы немесе соғыс қаупі, ішкі саяси тұрақсыздық немесе кез келген басқа қоғамдық төтенше жағдайлар, азаптауды ақтау ретінде қолданыла алмайды».

3 -бап бойынша «Ешқандай қатысушы мемлекет адамды азаптауға ұшырау қаупі бар деп есептеуге елеулі негізі бар адамды қуып жібермейді, қайтармайды («қайтарушы») немесе басқа мемлекетке бермейді».

16 -бап бойынша, «Әрбір қатысушы мемлекет өз қарауындағы кез келген аумақта 1 бапта анықталғандай азаптауға жатпайтын қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір -қасиетін қорлайтын басқа да әрекеттер мен жазалаудың алдын алуға міндеттенеді.

Әлемдік қоғамдастық адам құқықтары мен бостандықтарының жиынтығын сақтауға және қамтамасыз етуге ерекше назар аударады, оның негізгі құрамдас бөлігі азаптауды және басқа да қатыгездік пен адамгершілікке жатпайтын әрекеттерді қолданбау болып табылады. Тұлғаға қол сұғылмаушылық кепілдіктерінің бірі 1984 жылғы 10 желтоқсандағы БҰҰ-ның азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясы болып табылады, оны әлемнің 150 елі ратификациялаған. Сонымен қатар, азаптауды және қатыгездікпен қарауды қолдануға тыйым салу басқа да бірқатар халықаралық құқықтық актілермен бекітілген: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (5-бап), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (7-бап).

Осы халықаралық талаптардан бірнеше маңызды мемлекеттік міндеттемелер туындайды, соның ішінде азаптау және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас немесе жазалау әрекеттерінен бас тарту және олардың алдын алу міндеті, сондай-ақ тиімді тергеу жүргізу және мұндай әрекеттерге кінәлілерді жауапкершілікке тарту міндеттемесі, бұл жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде азаптауға тыйым салудың ерекше маңыздылығын атап көрсетеді.

Халықаралық құқықтық актілерді ратификациялауға және оларды бапқа сәйкес беруге қарамастан, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес оның заңдарынан басымдығы бар қолданыстағы заңның мәртебесі туралы бұл заңнамалық және ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелер бар болғандықтан жеке талаптарға толық сәйкес келеді.

Әділдік үшін 2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі) қабылдануымен отандық заңнамалық базаның елеулі өзгерістерге ұшырағанын айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жүзеге асырылатын тұжырымдамалық бағыттар, бір жағынан, бірінші рет жасалған немесе әлеуметтік осал

адамдар жасаған қылмыстарға көзқарасты кеңейтсе, екінші жағынан, ауыр қылмыстар, қылмыстардың қайталануы, ұйымдасқан қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейтті.

Алайда, заңнамалық өзгерістер азаптаулар үшін қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру кезінде ұлттық заңнаманы халықаралық құқықтық актілерге қолдану және сақтау тәжірибесіне қатысты теориялық және қолданбалы сипаттағы проблемалық мәселелерді шешкен жоқ.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 146-бабының 1-тармағында «Тергеушінің, анықтауды жүргізетін адамның немесе өзге де лауазымды адамның немесе өзге де адамның азаптаумен немесе олардың азаптауымен қасақана дене және (немесе) психикалық зардап келтіру деп танылады.

Шет мемлекеттердің Қылмыстық кодекстерінде азаптағандарға қосымша жазалардың ішінде: мүлкін тәркілеу, белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру (лауазымды адамдар үшін), қалпына келтіру және т.б.. Сонымен қатар, түзеу және қауіпсіздік шаралары қолданылады. Бірқатар елдердің қылмыстық заңнамасы (атап айтқанда, Түркияның Қылмыстық кодексі) адамдарды басқа мемлекетте азаптауға ұшырайды деп пайымдауға негізді негіздер болған жағдайда оларды экстрадициялауға тыйым салу мәселесін реттейді.

Осылайша, қазіргі жағдайда азаптауға қарсы қылмыстық-құқықтық күрес аспектісінде халықаралық және ұлттық стандарттарда да, жалпы халықаралық құқықтық актілер жүйесінде де нормативтік сипаттағы белгілі бір сәйкессіздік байқалады. Жоғарыда аталған ұсыныстарды жүзеге асыру, біздің ойымызша, азаптаулар үшін жауапкершілік туралы қылмыстық заңнаманы жетілдіруге, сондай-ақ осы санаттағы қылмыстармен тиімді күресуге мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерін тергеу мен құжаттау принциптері» - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O0000000014>

2. «БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы үшінші мерзімді баяндаманы бекіту туралы» - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000617>

3. АЗАПТАУ ҚҰРБАНДАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТЕТІКТЕР МЕН ТӨРТІПТЕР <https://bureau.kz/files/bureau/Bulletins/2016/mehanism-i-procedura-zaschity-kaz.pdf>

УДК 343.01

### **СЕКСУАЛЬДЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ІСТЕР БОЙЫНША ПЕДОФИЛДЕРДІ ХИМИЯЛЫҚ КАСТРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.**

**Ақылбай Ділназ Нұрболатқызы**

**dila9898000@gmail.com**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 3 курс студенті,*